

2012 жылғы ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қазандағы № 6-14 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 қазанда № 2637 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 ақпандағы № 10-12 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013.02.07 № 10 - 12 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихаттың кезекті VI сессиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік көмек тағайындауға және төлемге құқығы бар ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттары айқындалсын:

- 1) жалғыз басты мүгедектер;
- 2) кәмелет жасқа толмаған тұл жетімдер;
- 3) жоғарғы және арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімдерінде ақылы түрде оқитын тұл жетім студенттер;

4) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардағы 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар ;

5) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардағы ең аз мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер ;

6) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардағы "Жылыой ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар ;

7) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс

деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардағы "Жылыой ауданы жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сол кезде есебінде тұрған жұмыссыздар қайтыс болған жағдайда оларды жерлейтін тұлғалар ;

8) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардан қысылтаяң, төтенше жағдайларға тап болған (өрт, бір айдан ұзаққа созылған ауру) тұлғалар;

9) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардың күндізгі бөлімдерінде ақылы түрде оқитын студенттер ;

10) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардан 1 жасқа дейінгі жасанды тамақтандырылатын балалары бар тұлғалар;

11) жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасылардан Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасымен емделуге, тексерілуге жіберілген тұлғалар.

2. Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың VI

сессиясының төрағасы: Т. Қыдырбаев

Аудандық мәслихат хатшысы: М. Кенғанов

Аудандық мәслихаттың
2012 жылғы 5 қазандағы
№ 6-14 шешіміне қосымша

Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) алушының заңды өкілі өтініші жасаған кезде оның заңды өкіл екенін растайтын құжатпен бірге оның жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

- 4) алушының салық төлеуші куәлігі көшірмесі;
- 5) алушының әлеуметтік жеке код беру туралы куәлігі көшірмесі;
- 6) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда жеке шот бар екендігін растайтын құжат;
- 7) алушының отбасы құрамын және тұрғылықты жерін анықтайтын селолық округ әкімдігінен берілген анықтама;
- 8) ауылдық, селолық әкімі жанындағы учаскелік комиссиямен ұсынылған отбасының әлеуметтік, материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;
- 9) осы шешімнің 1-тармағында айқындалған жеке тұлғалардың санатын анықтайтын құжат.